

**APPENDIX**

**INDEX**

APPENDIX A. THE UNIVERSITY OF CHICAGO PRESS

(Соңы. Басы өткен санда).

Тәуелсіз Қазақстан тарихын оқытудың ең өзекті проблемасы деректану ісінің әлі де жолға қойылмағандығы болып табылады. Ә.С. Тәкенов осы мәселені шешу бағытында көп еңбек атқарды. Ә.С. Тәкенов өзі оқыған қазақ мемлекеттік университетінің тарих және этнология факультетінде алдымен архив қызметкерлерін дайындайтын қазақ бөлімін, ал 1991 жылы "Деректану және архивтану" кафедрасын аштырып, осы кафедраны өзі басқарды. Осы бөлімді бітірген 50-ден астам студенттер Қазақстанның әртүрлі облыстарында білікті маман ретінде қызмет етуде.

Ә.Тәкеновтің деректану мәселелеріне арналған ғылыми ой - пікірлері Әл - Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде жарық көрген "Ғылым көкжиегі" деген жинаққа енгізілді.

Сол сияқты Ә.Тәкенов дайындаған Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша 20 баспа табақтан тұратын құжаттар мен материалдар

ханалардан алынып тасталып, өртелген М.Шоқай, Е.Бекмаханов, С.Асфендияров, Т.Шонанов және С.Қожановтың еңбектері Ә.С.Тәкеновтің редакциясымен және алғы сөздерімен бірінен соң бірі тәуелсіздіктің көктемінде тәуелсіз елдің тарихи санасының алғашқы қарлығаштарындай болып қазақ оқырмандарымен қауышты. Сөйтіп, ел тарихын шынайы сүйетін қауым, көп жылдардан соң, нағыз тарихшылардың ғылыми тұрғыдан жазған тарихи еңбектерімен танысуға мүмкіндік алды. Бұл Әбу Сақтағанұлының ұстаздар алдындағы өз парызын орындауы және азаматтық ерлігі еді.

Қазақ халқының кейінгі жас толқын ұрпағын М.Шоқай, Е.Бекмаханов, С.Асфендияров, Т.Шонанов және С.Қожанов еңбектерімен таныстыру үшін, олардың еңбектерінің қайта басып шығарылу ісін ұйымдастырған Ә.С. Тәкенов осы ғалымдардың еңбектерінің деректанымдық сипаты мен тарихи құндылықтарын насихаттайтын бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. Осы жылдары Ә.С. Тәкенов қаламынан туған "Санджар Джафарович Асфендияров и его история ...", "Инженер и историк М. Тынышпаев", "Елуінші жылдардың басын-



бастап Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде ашылған "Отан тарихы" диссертациялық Кеңесінің мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің арнаулы ғалымдар Кеңесінің төрағасы, "Қазақ тарихы" журналы редакциясының алқа мүшесі болып, педагог-ғалым ретінде көп жылдар бойы абырой биігінен көріне білді.

Әбу Сақтағанұлы жаны жайсаң, ақынжанды еді. Әбекеңнің осы қасиеттері туралы профессор Кеңес Нұрпейісов: "Әбу Сақтағанұлы туған халқының көп салалы мәдениетін, әсіресе оның ауыз әдебиетін жетік білетін және сүйетін. Ол көңілі түскенде өзі дүниеге келіп, азамат болып қалыптасқан еліміздің батыс өңірінің ақын-жыраулары мұрасының інжу-маржандарын жатқа айтып, әнші-күйшілердің өмірлерінен көпшілік біле бермейтін жайттар жөнінде қызық әңгімелер шертуші еді.

Әбекең өзі де өлең шығаратын. Ол өлеңді жазып та, реті келгенде суырып салып та (импровизация) айта беретін. Ол қайтыс болардан бір-екі ай бұрын Тәкеновтер әулеті жөнінде өзі жазған шежіре-толғауды маған оқып берген еді.

түсетін. Ауылдың қаршай баласы, соғыстан кейінгі ауыр жылдары оқып, білім алып, ғылым докторы, профессор болуы шын мәнінде елге де, халыққа да үлгі болар іс. Әбу өмірі - өнегелі өмір. Оның Отан алдында, халық алдында, Қазақ мемлекеттік университеті алдында ары таза".

Әбу Тәкенов "Ақтөбе" энциклопедиясын шығару туралы идеяның авторы және осы энциклопедияның тұңғыш ғылыми бас редакторы болды.

"Шәкіртсіз ұстаз тұл" дейді халқымыз. Осы тұрғыдан алғанда Әбу Тәкенов нағыз ұстаз, ғалым еді. Оның шәкірттері Қазақстанның барлық аймағында жемісті қызмет етуде. Тек ғана Ақтөбе өңірінен шыққан тарихшылар Г.Нұрғалимова, М.Тәжібаев, Ұ.Ысмағұлов, Е.Медеубаевтар Әбу Тәкеновті өздерінің рухани ұстазы ретінде санайды, оның есімін әрқашан ілтипатпен еске алып отырады.

Сонымен қатар, Ақтөбе қаласындағы жоғарғы оқу орындарында қызмет істейтін тарихшы ғалымдар: Г.Ізбасарова, Қ.Сәрсембина, Г.Көбенова, Б.Әбенова және

# ТАЛАНТТЫ ТАРИХШЫ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

жинағы (профессор Қ.Қаражановпен бірге) 1998 жылы "Санат" баспасынан жарық көрді. Сонымен қатар, Ә.С.Тәкенов аспиранттарға "Қазақ мемуары - тарихи дерек ретінде", "Қызыл Қазақстан журналы - тарихи дерек ретінде" деген диссертация тақырыптарын беріп, жетекшілік жасаған болатын.

Сөйтіп, Ә.С. Тәкенов қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның тарихи деректану ғылымының негізін салған ғылымға айналды.

Еліміз тәуелсіздік алған шақта Ә.С. Тәкенов Кеңес өкіметі қайта басып шығаруға, студенттерге жоғарғы оқу орындарында оқытуға тыйым салған қазақ тарихшыларының еңбектерін оқушы қауымымен қауыштыруға орасан зор еңбек сіңірді. Кітап-

да қазақ тарихы қалай қыспаққа алынды?", "Ғасыр сынынан өткен ғалым (Е.Бекмаханов)", "Телжаннан қалған телегей мұра", "Сұлтанбек Қожановтың қасіреті" деген мақалалар республикалық ғылыми жинақтар мен журналдарға және газеттерде жарық көріп, қалың оқырман қауым Әбу Тәкеновті жаңа қырынан таныды.

Осы жылдары Ә.Тәкенов Кеңес үкіметі мен коммунистік партия аттарын атауға тыйым салып, кітаптарын өртеп жіберген Мұстафа Шоқай, Зәки Валиди, Балмырза Хайт есімдерін және олардың еңбектерін Қазақ халқымен қайта қауыштырды.

1993 жылы Ә.Тәкеновтің алғы сөзімен Мұстафа Шоқайдың "Туркестан под властью Советов" деген кітабы қайта басылып шығарылды. Ә.Тәкенов Мұстафа Шоқайдың ғылыми мұраларын халық арасында кеңінен на-

сихаттап, оның қызметіне компартияның берген теріс бағасын жоққа шығарып, "Мұстафа Шоқай өмірінің кейбір қырлары", "Түркістан легионы және Мұстафа Шоқай туралы не білеміз?", "Мұстафа Шоқайдың соңғы жазбалары" деген мақалалар жазды. Ә.Тәкеновтің ар-қасында Мұстафа Шоқай мен оның әйелі Мария Шоқайдың естеліктері "Биография Мустафы Чокаева" деген атпен (10 баспа табақ көлемінде) жарық көрді. Сөйтіп, Ә.Тәкенов қазақстандық Мұстафа Шоқайтану ғылымының негізін салушылардың бірі болды.

Кеңес үкіметінің тұсында халықтың жадынан өшірілген түрік халықтарының рухани көсемі болған Зәки Валиди, Балмырза Хайт туралы терең ғылыми зерттеу жүргізген ғалым Әбу Тәкенов болғаны ешқандай талассыз

ақиқат. Бұл тарихи тұлғалар туралы Әбу Тәкеновтің "Зәки Валиди кім болған?", "Балмырза Хайт Алаш қозғалысы хақында" деген мақалалары тарихшылар үшін де, былайғы оқырман қауымға да танымдық тұрғыдан көп мәліметтер беретін өте құнды еңбектер болып табылады.

Әбу Тәкенов жан - жақты тарихшы еді. Оның осы қасиеті Қазақ Совет энциклопедиясына арнап жазған материалдарынан да сезілетін. Ол осы энциклопедия үшін тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы 100-ден астам мақалалар жазды.

Әбу Сақтағанұлы Тәкенов еліміздің ғылыми педагогикалық өмір саласында өте белсенді қызмет атқарды. Ол Қазақстан өлкетанушылар қоғамының председателі болып көп жылдар бойы жемісті еңбек еткен болатын. Сонымен қатар, 1989 жылдан

Әбекеңнің той-томалақта, дастарқан басында немесе бірге жолаушылап сапар шеккен кездерде дос-жарандарына арнап әзіл өлеңдерді аяқ астынан шығарғанына сан рет куәгер болдым", - деп жазған болатын.

Ақынжанды Әбу Сақтағанұлының ел-халықтың алдында, тарих ғылымының алдында ары таза еді. Оның кіршіксіз арлы таза жан екендігі туралы курстас досы, ғылымдағы үзеңгілес жолдасы, академик Манаш Қозыбаев былайша тебіренген еді: "Әбудің көп жақсы қасиеттері бар еді. Ол біріншіден өте қарапайым болатын. Одан ауылдың ісі аңқып тұратын. Шәкіртке дегенде адал еді. Бар өнерін, білімін жеткізуге құштар болатын. Бұл жағынан алғанда, ол шын мәнінде ұстаз-педагог еді. Әбу ел арасынан шыққан еді. Мен оны көргенде елім есіме

Д.Әбеновтер студент - шәкірт ретінде Әбу Тәкеновтен тәлім-тәрбие алғандарын әркез мақтанышпен айтады.

Әбу Сақтағанұлы Тәкенов талантты тарихшы, ғұлама ғалым ретінде елдің есінде қалды. Оның есімі Қазақ Совет энциклопедиясына, Ақтөбе энциклопедиясына енгізілді, Темір қаласында Әбу Тәкенов атындағы көше бар. Ең бастысы Әбу Сақтағанұлының ғылыми еңбектері ел игілігіне айналды. Осы тұрғыдан алғанда "Ғалымның хаты өлмейді" деген халық даналығы шынымен жүзеге асты деп толығымен айта аламыз.

**Б. ҚҰРМАНБЕКОВ,**  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент.